

## Құрманғазы ауданы Бірлік селолық округінің Утера селосын қайта атау туралы

Атырау облысы әкімиятының 2007 жылғы 5 желтоқсандағы N 274 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 40-IV шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 17 қаңтарда N 2508 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабының 4-тармақшасына сәйкес, облыстық ономастикалық комиссияның 2007 жылғы 7 қарашадағы қорытындысы Құрманғазы ауданы әкімиятының 2007 жылғы 31 шілдедегі N 292 қаулысы аудандық мәслихатының 2007 жылғы 29 тамыздағы N 8-1 "Утера селосының атауын өзгерту туралы" шешімі негізінде және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 және 27 баптарын басшылыққа алып, облыс әкімияты қаулы етеді және облыстық мәслихат шешім етті:

1. Құрманғазы ауданы Бірлік ауылдық округінің Утера ауылы Бірлік ауылы болып қ а й т а а т а л с ы н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы әкімінің 10.10.2014 № 315 және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 325-V бірлескен шешімімен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і ) .

2. Осы қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың III  
сессиясының төрағасы*

*Ж. Дүйсенғалиев*

*Облыстық мәслихат хатшысы*

*Облыс әкімі  
Б. Рысқалиев*

*Ж. Дүйсенғалиев*